Исх. № 01-001-001/94 от 07.03.2025, Вход № 1370 от 07.03.2025

Батыс Қазақстан облысының жоспардан тыс төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының

ХАТТАМАСЫ

Орал қаласы 2025 жылғы 26 ақпан

Төрағалық еткен: Батыс Қазақстан облысының әкімі Н.Төреғалиев
Қатысушылар: комиссия мүшелері (тізім бойынша)

Күн тәртібі бойынша баяндама жасаған лауазымды тұлғалардың баяндамалары мен ұсыныстарын назарға ала отырып,

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Қазіргі уақыттағы гидрометеорологиялық жағдай және алдағы уақытқа болжам

1.1 «Казгидромет» РМК БҚФ (келісім бойынша):

- **ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін** гидрометеорологиялық деректер мен ауа райы болжамы негізінде су тасқыны тәуекелдерін анықтасын және мәліметті шұғыл шара қабылдау үшін Орал қаласы мен аудандар әкімдіктеріне, сондай-ақ құзыретті органдарға жолдасын;
- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** наурыз айы бойынша толықтай ауа температурасының өзгеруі және жаңбыр, қар түріндегі жауын-шашынның түсуі бойынша ақпарат жолдасын.

1.2 «Қазсушар» РМК БҚФ (келісім бойынша) тұрақты түрде Ресей Федерациясы аумағындағы Ирикла, Приузенск және Варфоломеевка су қоймаларынан Батыс Қазақстан облысы аумағына судың келуі бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асырсын.

2. Елді мекендердегі қар шығару жұмыстары. Облыс әкімінің су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелері бойынша тапсырмаларының орындалуы туралы.

2.1. БҚО төтенше жағдайлар департаменті:

- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** қар шығару жұмыстарының сапасын және аула, көшелердің жағдайын күнделікті тексеріп, нәтижесін фото-бейне жазбамен баяндасын;
- **ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін** қала және аудандар әкімдерімен бірлесіп, мұз кесу жұмыстарын шұғыл түрде жан-жақты ұйымдастырсын;
- **ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін** қала/аудан әкімдіктерінің арнайы техникаларды су тасқыны кезеңіне жұмылдыруға ниет-шарттарды жасақтауды аяқтауды қамтамасыз етсін;
- 2025 жылғы су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жоспарында қарастырылған іс-шаралардың толықтай орындалуын қамтамасыз етсін;

Рег.№ 1370 Рег.дата 07.03.2025 Копия электронного документа. Дата: 11.03.2025 09:40. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** су басу қаупі бар елді мекендерге күштер мен құралдарды алдын ала жұмылдыру бойынша бекітпе дайындасын;

- **ағымдағы жылдың 4 наурызына дейін** Ақжайық ауданы Чапаев ауылында қар шығару жұмыстарының сапалы жүргізілуіне тексеріс жүргізсін.

2.2. Жаңақала және Казталов аудандарының әкімдіктері ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін қар шығару жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі және су басу қаупінің жоқтығы туралы бірінші басшының қолымен облыс әкімдігіне ресми хат жолдасын;

- **ағымдағы жылдың 3 наурызына дейін** аудан орталықтарындағы қардың көлемі бойынша дронмен бейнематериалдарды төтенше жағдайлар департаментіне жолдасын.

2.3 Қаратөбе ауданының әкімдігі ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін Шөптікөл, Үшағаш, Қоржын ауылдарында қар шығару жұмыстарын бастасын.

2.4 Бөрлі ауданының әкімдігі ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін Кеңтүбек, Пугачево, Ақсу, Бақтыарал ауылдарында қар шығару жұмыстарын бастасын.

2.5. Казталов және Сырым аудандары ағымдағы жылдың **10 наурызына** дейін арнайы техникаларды су тасқыны кезеңінде жұмылдыру бойынша ниет-шарттарын жасақтауды аяқтасын.

2.6 БҚО кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы ағымдағы жылдың 15 наурызына дейін Орал қаласы және аудандар әкімдіктерімен бірлесіп, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің жергілікті атқарушы органның мемлекеттік резервтің пайдаланылмаған бөлігін өз құзыреті шегінде қолдануы туралы ақпаратына сәйкес ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 13 сәуірдегі №147 бұйрығымен бөлінген мемлекеттік материалдық резервтегі азық-түліктерді қажеттілікке орай беру мәселесін ұйымдастырсын.

2.7 Орал қаласының әкімдігі:

- қар шығару жұмыстарын күшейтсін;

- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** бизнес өкілдерінің тиісті аумақтарынан қар шығару жұмыстарын ұйымдастырсын;

- **ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін** қала аумағында экология полициясымен бизнес өкілдерінің және тұрғындардың тиісті аумақтарын қардан тазалау бойынша рейдтік іс-шара жүргізсін.

2.8 БҚО төтенше жағдайлар департаменті және жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы ағымдағы жылдың 10 наурызына дейін облыс әкімінің су тасқынына қатысты тапсырмаларының орындалуына зерделеу жүргізіп, қорытынды ақпаратты жолдасын.

2.9 Орал қаласы және аудандар әкімдіктері ағымдағы жылдың 15 наурызына дейін:

- мемлекеттік және жеке нысандардың аумағынан қар шығару жұмыстарын жүргізсін;

- жергілікті полиция қызметімен бірлесіп, көп қабатты және жеке тұрғын үй аумағынан қар шығару жұмыстарын ұйымдастырсын, халықты ақпараттандыру және арнайы хабарлама тарату жұмыстарын жүргізсін;

- елді мекендерді су басуына жол бермеу мақсатында қар шығару орындарын зерделесін;

Рег.№ 1370 Рег.дата 07.03.2025 Копия электронного документа. Дата: 11.03.2025 09:40. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

- қар шығару жұмыстары аясында жаппай сенбіліктер ұйымдастырсын, соның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын және егде жастағы адамдардың, мүгедектер мен жалғыз басты зейнеткерлердің аула, көшелерінен қар шығару жұмыстарын жүргізсін;
- қала, ауыл және көшеішілік су арықтары мен құбырларын тазалау жұмыстарын жүргізсін;
- қар шығару жұмыстарына қосымша қажетті қаражат қарастырсын;
- аудан, ауыларалық автожолдарда су құбырларын тазалауды қамтамасыз етсін;
- 2025 жылғы су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың алдын алу жоспарында қарастырылған іс-шараларды толықтай орындасын;
- қосымша мотопомпа, қаптар, күрек саймандарын сатып алу жұмыстарын жүргізсін;
- инертті материалдар салынған қаптарды су басу қаупі бар елді мекендерге жеткізуді ұйымдастырсын;
- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** қар шығару жұмыстарына қажетті техникалардың санын көбейтсін;
- **ағымдағы жылдың 5 наурызына дейін** күрек саймандары, инженерлік техникаларға арналған майларды, қаптарды, резеңке етіктерді және төсек орындарды алу үшін жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасына өтінім жолдасын.

3. Су тасқынынан зардап шеккен тұрғын және саяжай үйлерін бұзу туралы

3.1 Орал қаласы және Теректі, Бәйтерек, Бөрлі аудандарының әкімдіктері ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін:

- тұрғын және саяжай үйлері мен құрылыстарын бұзу және орындарын ретке келтіру жұмыстарын аяқтасын;
- босатылған саяжай учаскелерін мемлекеттік орман қорына беру жұмыстарын жүргізсін;
- саяжай алқаптарында орналасқан саяжай үйлері және қыстайтын тұрғындар туралы толық ақпаратты облыс әкімдігіне және төтенше жағдайлар департаментіне жолдасын.

3.2 Орал қаласы және Бәйтерек ауданының әкімдігі ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін Жайық өзені бойындағы қауіпті аймақтарда орналасқан тұрғын үйлерді көшіру бойынша жұмыстарды аяқтасын;

3.3 Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Бәйтерек ауданымен бірлесіп, Ақсу, Январцево, Рубежка ауылдарындағы Жайық өзенінің жағалауын нығайту жұмыстарын жүргізуге қаражат қарастыру бойынша жұмыстар жүргізсін.

3.4 Орал қаласының әкімдігі ағымдағы жылдың 15 наурызына дейін:

- Курени ауданы Жайық өзені жағалауындағы тұрғындарды көшіру бойынша шаралар қабылдасын;
- Жайық, Шаған, Деркөл өзені жайылымдарындағы саяжай тұрғындарының тұрақты тұрғын үйінің болуы жөнінен тұрғындарға қызмет көрсету орталығы арқылы ревизия жүргізсін.

4. Хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің салаға жетекшілік ететін орынбасарына және Батыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаментіне жүктелсін.

Рег.№ 1370 Рег.дата 07.03.2025 Копия электронного документа. Дата: 11.03.2025 09:40. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Облыс әкімі **Н. Төреғалиев**

Тарату парағы

1. Б.Нарымбетов;
2. Қ.Айтмұхамбетов;
3. Т.Каюпов;
4. Е.Өтегенов;
5. А.Карменов;
6. Қ.Исимов;
7. Р.Алдонғаров;
8. А.Бердешев;
9. Орал қаласы және аудан әкімдері;
10. БҚО жұмылдыру дайындығы және азаматтық қорғаныс басқармасы;
11. БҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы;
12. БҚО жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы;
13. БҚО білім басқармасы;
14. БҚО денсаулық сақтау басқармасы;
15. БҚО мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасы;
16. БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;
17. БҚО кәсіпкерлік және индустриальдық-инновациялық даму басқармасы;
18. БҚО қоғамдық даму басқармасы;
19. БҚО қаржы басқармасы;
20. БҚО цифрлық технология басқармасы;
21. БҚО энергетика және тұрғын үй - коммунальдық шаруашылық басқармасы;
22. БҚО дене шынықтыру басқармасы;
23. БҚО ветеринария басқармасы;
24. БҚО жер қатынастары басқармасы;
25. БҚО ауыл шаруашылығы басқармасы;
26. БҚО қорғаныс істері департаменті;
27. БҚО төтенше жағдайлар департаменті;
28. БҚО Полиция департаменті
29. «Казсушар» РМК БҚОФ
30. «Қазгидромет» РМК БҚОФ;
31. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ БҚОФ.
32. «Қазақстан темір жолы» АҚ БҚОФ;
33. Орал халықаралық әуежайы.

Подпись канцелярии
07.03.2025 16:22 ШУКУРГАЛИЕВА ГУЛЬЗАДА
Подпись руководителя
07.03.2025 15:53 ШУКУРГАЛИЕВА ГУЛЬЗАДА